

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

# DEXP HAF134 ДОК-СТАНЦИЯСЫ

## Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды қуана ұсынамыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

HDD/SSD док-станциясы – ақпаратты оқуға, көшіруге және қатты дискіге жазуға арналған тамаша шешім. USB 3.0 интерфейсі 5 Гбит/с дейін деректер беру жылдамдығын алуға мүмкіндік береді.


## Сақтық шаралары

- Бұйымды күн сәулесінің, төтенше температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз немесе шамадан тыс қызып кетуіне жол бермеңіз.
- Кез келген зақымданулар анықталған кезде оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз. Құрылғыны өзіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларды бақылайтын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.


## Ерекшеліктері

- Кіріктірілген USB тармақтағышы бар док-станция
- Автосөндіру – 10 минут әрекетсіздіктен кейін.
- Құрылғының түбінде 4 бекіткіш бар.
- Қосымша құралдарсыз HDD/SSD кәдімгі орнату.
- Қуат берудің, жұмыстың және клондаудың LED-индикациясы.
- Құрылғыларды зарядтауға арналған USB-порт.


## Құрылғының схемасы



1. Клондау батырмасы.
2. LED-индикаторлар.
3. USB 3.0 ағытпалары (3 дана)
4. Зарядтауға арналған порт.




5. HDD S2 слоты (Target).
6. HDD S1 слоты (Source).



7. USB 3.0 интерфейсі.
8. DC 12 В адаптеріне арналған ағытпа.
9. Қуат ауыстырғышы.

## Орнату бойынша нұсқаулық

1. Сәл басып тұрып, док-станцияны жұмыс бетіне бекітіңіз.
2. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз.
3. Кабельді ДК-дегі USB портына қосыңыз.
4. Қатты дискіні док-станция корпусына салыңыз.



5. «ON/OFF» ауыстырғышын пайдалана отырып, құрылғыны қосыңыз.
6. Қосылған қатты диск Сіздің компьютеріңіздегі дискілер тізімінде пайда болады. Сіз оны кәдімгі кіріктірілген қатты диск ретінде пайдалана аласыз.

### Ескертпелер:

- Пайдаланар алдында қатты дискіні форматтап алу керек.
- Деректер бүлінбеу және жоғалмау үшін оларды беру немесе сақтау барысында құрылғыны ажыратпаңыз.

## Қатты дискіні клондау

1. Қатты дискілерді слоттарға салыңыз. Клондағыңыз келетін қатты дискіні S1 слотына салыңыз. S1 слотынан дискінің көшірмесін жазылатын қатты дискіні S2 слотына салыңыз.
2. Док-станцияны қосыңыз, POWER индикаторы қызыл түспен, ал S1 және S2 индикаторлары – көк түспен жанады.
3. Клондау батырмасын 5 секунд басып ұстап тұрыңыз, клондау операциясы басталады. LED-индикаторлар (25 %, 50 %, 75 %, 100 %) клондау процесін көрсететін болады.
4. Клондау процесі аяқталған кезде индикаторлар сөнеді.

### Ескертпелер:

- Қате пайда болған жағдайда S2 дискінің көлемі клондалатын S1 дискінен үлкен немесе оған тең екеніне көз жеткізіңіз.
- Клондау алдында деректерді резервтік көшіру ұсынылады.

## Техникалық сипаттамалары

- Модель: HAF134.
- Қосу интерфейсі: USB 3.0 Type A.
- Қолдайтын диск түрлері: 2.5"/3.5" SATA I/II/III SSD, HDD әрқайсысы 12 ТБ дейін.
- HDD саны: 2.
- Қуат беру адаптері:
  - Кірісі: 100-240 В, 50/60 Гц.
  - Шығысы: DC 12 В, 3000 мА.
- Кері үйлесімділігі: USB 2.0/1.1.
- Деректерді беру жылдамдығы: 5 Гбит/с дейін.
- Операциялық жүйе: Windows XP/Vista/7/8/10, Mac OS X және одан жаңасы.
- Қолдайтын құрылғылар: PS4, Xbox, TV, мониторинг жабдығы.

## Жиынтықталымы:

- Док-станция.
- Қуат беру адаптері.
- USB 3.0 кабелі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Кепілді міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылуында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояуды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үйжайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аталған бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақыламай шығару нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына келетін әлеуетті зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь ХуэйДэГуй Сайенс энд Тэкнолоджи Дивелопмент Ко., Лтд.  
Чжу Гу Ши тас жолы 44, Лунган ауданының У Лянь көш., Шэньчжэнь, Қытай.

### **Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

### **Импорртаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның сыртқы түрі, жиынтықталымы мен функционалы пайдаланушыға алдын ала мәлімделмей өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі адрес:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

[www.dexp.club](http://www.dexp.club)